

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Мейірімділік -асыл қасиет"ЖАРИЯЛАНДЫ
27.08.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/80525/>

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Ұйымдастырылған оқу қызметі : Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Мейірімділік -асыл қасиет»

Мақсаты:

Білімділігі: Адам бойындағы жақсы қасиеттердің бірі мейірімділік туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Табиғатқа, адамға, жан-жануарларға мейірімділікпен қарау.

Тәрбиелігі: Адамгершілік, қайырымдылық арқылы мейірімділікке тәрбиелеу

Билингвальды сыңары: мейірімділік-милосердие

Тәрбиеші: Қайырлы таң , балалар.

Бүгінгі күніміз сәтті өтуі үшін біз шаттық шеңберімен бастайық:

Шаттық шеңбері:

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де,

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

Жақсылық жасау баршаға,

Қамқор болу кішіге,

Мейірімділік белгісі.

Мейірімділік жүректе,

Мейірімділік тілекте. :-Жақсы балалар орнымызға отыру үшін түлі түсті текшелерді таңдап алыңдар:

I топ. Қызыл түс – адамның энергиясы көп, қиындықтан қорықпайтын батыл балалар.

II топ. Сары түс – бұл түсті қалаған адам өзгерістерді жиі қалап тұрады.

III топ. Жасыл түс – бұл түсті таңдағандар айналасындағы адамдардан мақтаулар, жақсы пікірлер күтетін адамдар.

Тәрбиеші : Ал балалар бүгін біз шаттық шеңберімізді мейірімділік сөздерімен бастап бүгін күніміз сәтті өтеді деп сенемін, ал енді сабағымызды әрі қарай жалғастыру үшін мен сендерге дәйек сөз айтамын. Балалар бүгінгі сабағымыздың Дәйек сөзі: «Бақытпен бөліссең ол көбейеді» дәйек сөзімізді бәріміз бірге қайталайықшы . Жарайсыңдар

балалар!

Тәрбиеші: Бақыт деген сөзді кім қалай түсінеді?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

Мен достарымды жақсы көремін сондықтан мен бақыттымын

— Біздің анамыз бар, әкеміз бар , достарымыз бар сондықтан біз бақыттымыз.

— Біз әдемі балабақшадамыз, біздің тобымыз әдемі,

— Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар!

— Ендеше мен сендерге ертегі айтып беремін мұқият тыңдаңдар:

— Слайд

— Ертеде көк әлемінде яғни аспанда Күн ана мен әкесі Бұлт өмір сүріпті олардың кішкентай ғана өте мейірімді, сүп-сүйкімді әдемі қызы болыпты, және қыздың ерекшелігі ол түрлі түсті бояуға боялған өте әдемі қыз еді. Ол қыз өте бақытты болатын. Әкесі мен анасы өздерінің қыздарын өте қатты жақсы көреді. Бір күні әкесі қатты шаршап ұйықтап қалады. Сол кезде кішкентай кемпірқосақ іші пысаны соншалық есіктің алдында ойнап жүріп, бұлтан-бұлтқа секіріп өте алысқа кетіп қалады. Ал осы кезде әкетайы оянып кетіп кішкентай қызын іздейді, уайымдайды, ал анасы қатты уайымдап қызын іздеуге шығады. Ал кішкентай ғана кемпірқосақ сиқырлы баспалдақпен төмен келе жатып жер әлемін көреді. Жер әлемі түссіз екен, өте сұр еді онда ешқандай бояулар болмаған, бәрі көңілсіз адамдар да, табиғат та , жануарлар да ,ал кішкентай қыз қандай бақытсыз жер әлемі деп ойлап батылдық көрсетіп, оған көмектесуге жаңағы сиқырлы баспалдақпен төменге түседі. Ол төменге түскен бойы бар болуын алып шаршағанына қарамай бүкіл әлемді түрлі түсті бояуға бояйды осы кезде қатты іздеп шаршаған әкетайы жылап жібереді бұлттан нөсерлеп жауын жаңбыр жауады, ал артынан келген күн анасы қызының жасап жатқан сондай мейірімді іс әрекетіне қарап күлімдеп кішкентай қыздарының сондай мейірімді іс жасап жатқанына өте қуанады біздің табиғат сол кезден бастап балалар

— Біздің табиғат анамыз, бүкіл әлем түрлі түсті бояуда осындай әсем күйге енген еді.

— Балалар ертегі ұнамды ма?

— Бұл ертегі не жайында?

— Кемпірқосақ бәрі адамдарға көмектесті, барлығын бақытты қылды, көмектесті.

— Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар!

— Кішкентай қыз кемпірқосақтың мейірімді іс жасағаны туралы екен .

— Ал сендер өздерің жақсы іс әрекет жасағанда көңіл-күйлерің қандай болады?

— Қатты қуанам,

— Атама сөмке көтеруге көмектемем,

— Мен әкеме мәшіне жууға көмектесем, менің әкем қуанса мен де қуанам.

— Балалар біз сергіту сәтін жасап алайық.

— Сергіту сәті:

Ал, балалар тұрамыз,

Алақанды соғамыз,

Жауқазындай жайқалып,
Бәйшешектей иіліп,
Сәл тынығып аламыз.

Тәрбиеші: Ал балалар ,денелерімізді шынықтырып алдық,
Енді шығармашылық жұмыс жасайық . Бүгін мен сендерді балалар керемет бір әдіс айшықтау әдісімен таныстырғым келіп отыр бұл айшықтау әдісі допқа оралған жібек мата түрлі түсті арнайы бояумен боялады ,біз сендермен бүгін түйіндеу әдісімен жұмыс жасаймыз мен сендерге алдын ала дайындап қойдым ақ түсті матаның ішіне доп салып мынандай түйін жасап қойдым біз мына матамызды жеті түрлі түске бояуымыз қажет Балалар , қазір біз қолымызға

қыл қаламды алдық ,сол қолымызға добымызды алдық мата оралған , енді қараңдар, кемпірқосақтың бірінші түсі қызыл түс, біз қызыл түспен алып әдемілеп отырып тура доптың ортасына кішкене шеңбер жасаймыз , келесі кемпірқосақтың түсі қызғылт сары қәне бәрәміз кемпірқосақтың көршілерін ұмытпай әдімілеп отырып бояймыз.

-Ал балалар жарайсыңдар біз шығармашылық жұмысымызды аяқтадық енді барлығың қолдарыңа орамалдарды алып қараңдаршы орамалдарың қандай керемет шыққан біреудікі біреуіне ұқысамайды өте әдемі тамаша жұмыс болып шықты біз бүгінгі сабақта дәйек сөзіміз «Бақытты бақытпен бөлісең ол көбейеді» дегенміз шынымен біз бақытымыз бүгін сендер кешкісін өздеріңнің жасаған дүниелеріңді аналарыңызға, әжелеріңізге апарып бүгінгі күннің бақытты сәттерімен бөлісеміз, Енді ос бақытты сәтәмізді ірі қарай жалғатыра отырып бүгінгі бақытты сәтіміз есте қалсын деп мейірімдік тарататын аналарымызға арнап ән айтып сабағымызды аяқтайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.